

## Мүсілімқызы Б.

Іле педагогикалық университеті филология факультеті,  
тарих кафедрасының аға оқытушысы,  
Қытай, Құлжа қ., e-mail: bagilaa7575@mail.ru

### ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ТАРИХИ ҚАЙНАРЫ

Бұл мақалада қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіне айырықша мән берілетіні айтылады. Және қазақ халқының жетелі ұрпақ тәрбиелеу барысында салт-дәстүрдің айтарлықтай маңызға ие екендігі айтылып, халқымыз ежелден бері ұрпақтарды ержүрек батыр болуға, семьяға қатаң жауапкершілікте болуға тәрбиелейді. Шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, ғақылия сөздер арқылы саналы ұрпақтың өсіп жетілуіне айырықша мән берген. Жалпы алғанда ұлтымыздың ұрпақ тәрбиесі қазақ халқы мәдениетінің маңызды бір құрамдас бөлігі. Қазақ ұлтының ұрпақ тәрбиесінде маңызды рөлі, салт-дәстүрімізді ата-бабамыздың көзіндегі көріп қастерлеу, оны дамыту біздің және келесі ұрпақтың борышы және міндеті екендігі айтылады.

**Түйін сөздер:** нақыл, асар, жылу, немеурін, мүлік заңы, бас тоғыз.

Musilimkyzy B.

Ili pedagogical university department of philology senior lecture in the faculty of history,  
China, Kulzha, e-mail: bagilaa7575@mail.ru

### Historical sources of physical education of the Kazakh nation

The article says that the Kazakh people give special importance to the upbringing of the younger generation. In the process of education, the generation of the Kazakh people, customs and traditions are of great importance.

Since ancient times our people through proverbs and sayings bring up the younger generation to bear responsibility for their family, to be brave. The upbringing of the younger generation is an important part of the culture of the Kazakh people.

In the education of generations – the traditions and rites of our ancestors play an important role and the basis for its development is the next generation.

**Key words:** Asar, jilu, nemeurin – help, law of ownership, bas togiz – chapt ernine.

Мусылымқызы Б.

Илийский педагогический университет, кафедра филологии,  
старший преподаватель факультета истории,  
Китай, г. Кулджа, e-mail: bagilaa7575@mail.ru

### Исторические истоки физического воспитания казахской нации

В статье говорится, что казахский народ придает особое значение воспитанию подрастающего поколения. В процессе воспитания у казахского народа обычаи и традиции имеют существенное значение.

Издревле наш народ через пословицы и поговорки воспитывал подрастающее поколения нести ответственность за свою семью, быть отважным. Воспитание подрастающего поколения является важной составной частью культуры казахского народа.

В воспитании поколений традиции и обряды наших предков играют важную роль и являются основой развития следующего поколения.

**Ключевые слова:** Асар, жылу, немеурин, закон собственности, бас тоғыз.

## Кіріспе

Қазақ мәдениеті қашанда дүниедегі ең құнды мәдениеттердің бірі әрі бірегейі, қазақ ұлты ұрпақ тәрбиелеуде қазақи тәрбиеден асып түсер мектеп жоқ деп мақтанады. Әлем халықтары мәдениет деген сөздің парқына енді ғана жетіп, себебі бұрын мәдениет дұрыс сөйлеу, дұрыс жүру, дұрыс тамақтану сынды мазмұндармен ғана шектеліп келді, қазір оның аясы кеңейді. Қазақ халқының кез келген нақыл сөзінің өзі тұнып тұрған тәрбие. Қазақ халқы тәрбиенің өзін кішкентай баланың тәртібінен бастап ақсақалдардың да жеке салаға бөліп қойғандай өзіндік атқарар міндеттері бар. Қарапайымдылық қазаққа қанмен келген қасиет, одан асып кету әбестік болып саналады. Қыз бала барынша ұяң нәзік болса, ер азаматтар айбынды намысқой болуы керек. Ұлттық мәдениет пен ұлттық руқты бойына сіңіріп өскен ұрпақтың келешегі де жарқын болады деп сенген дана халқымыз.

## Қазақ ұлтының ұрпақ тәрбиесіндегі ерекшеліктері

Қазақ халқы ежелден бері ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөліп бір ұлттың ұлт болып тұруындағы негізі деп білетін, Қазақ халқы ұрпағын жаман болады, ұят болады және обал болады деген үш -ақ сөзбен тәрбиелеген. Ұлтымыз жасы үлкен қарттарды сыйлауды басты орынға қойған, басына үй тігіп, бауырына қазан асып, шаңырақ көтерерде немесе алыс жолға аттанарда, сонау қан кешіп соғыс жүргізген жылдарда да жауға аттанарда ауыл ақсақалдарының батасын алып қайтатын болған. Ұлтымызда «баталы құл арымас, батасыз құл жарымас», «жаңбырмен жер көгереді, батамен ел көгереді» деген аталы сөз бар.

Жасы ұлғайып, денесі ауырлап, қатары азайып, көңілі жүдеу тарта бастаған қарттардың көңілін аулауда ұлтымыздың ұрпақ тәрбиелеудегі асыл мұрасы, Қашаған ақын былай деген;

Жетпістен жасы асқанда,  
Сексенге аяқ басқанда,  
Жастар елеп келмесе,  
Келіп сәлем бермесе.  
Күнде асыл кимесе,  
Қартайғанда ер жетім  
(Жанболатов, 2015; 16-18;).

Халқымыз мұнан басқа ұрпақ тәрбиелеудің тәсілдерін жүйелі қалыптастырды, әрі қазақ халқының ұрпақ тәрбиесінде өзіндік ерек-

шеліктері бар: адал ұрпақ тәрбиелеу қазақ халқының ұрпақ тәрбиесінің басты ерекшелігі; ұрпақты ержүрек батыр және дені сау болуға тәрбиелейді; ұрпақты қарапайым, қажырлы болуға, ысырапшылдыққа қарсы тұруға және ортаны қорғауға тәрбиелейді; ұрпақты ата-анаға, отбасыға көмек ететін және туыскандарға жауапкершілікті болуға тәрбиелейді; ұрпақты кіндік қаны төгілген жерін, өскен елін қорғауға, отанға адал болуға тәрбиелейді; ұрпақты өзара бірі-бірін түсінуге және өзара кешірімді болуға тәрбиелейді.

Халқымызда ата-бабамыздан қалған ұрпақ тәрбиесіне қатысты асыл сөздеріміз де мол, айталық:

Бес өсиет: жауға бас име, зұлымға әрқашан үйге жүр деме, жарлыдан сый алма, әрқашан ар сақта, топасқа сенбе.

Алты қазына: денсаулық, адал жар, дос, білім, ұрпақ, игілікті іс.

Алты міндет: жасы үлкенге сәлем беру, көмек беру, шақырған жерге бару, ақыл-кеңес сұраса жауап беру, сырқат адамның көңілін сұрау, қайтыс болған адамды жерлеуге қатысу (Зиманов, 2004: 134-135).

Алты асқар: ақыл, білім, жомарттық, кеңпейілділік, шыншылдық, әділдік.

Алты қатер: сөз, от, су, жау, борыш, ауру.

Төрт қорлық: шақырылмаған жерге бару, бейбастақ сөйлеу, дұшпаннан жәрдем күту, сараңнан олжа дәмету.

Үш қуаныш: алғыс алу, көптің өзінді іздеуі, жасаған ісіңнің өшпеуі.

Ұлтымыздың міне осындай бай мазмұнға ие ұрпақ тәрбиесінің келу қайнары да мол ұзақ даму тарих барысында қалыптасқан (Кенжалиев, 1997: 79-80).

## Қазақ ұлтының жаңа туылған нәрестеге берер тәрбиесі

Дала мәдениеті кейде сахара мәдениеті деп те аталып, сахарада өмір сүрген жалпы халықтар мен ұлыстардан ортақ ерекшелікке ие дала мәдениетін жаратушы тайпа. Қазақ халқының өзіне тән болған дара мәдениетіне талдау жасап оны тереңдей зерттеу қазақтану ғылымында кем болса болмайтын мазмұндардың бірі.

Дала мәдениетін алдыңғы орынға қойып, қала мәдениетін қосымша алып жүру даламен қоса қаласы да бар қазаққа ұлттық талғам болған. Осы ұлттық талғам негізінде дала мәдениеті, дала көркемөнері, дала рухы, дала салт-дәстүрі, дала еркін идеологиясы дамыған. бірі тау

сағалап, су жағалап малшаруашылығы киелі тәсілін ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып келе жатқан халқымыздың мәдениеті басқалардан артта қалып қойған жоқ, қайта дала мәдениеті өздеріне тән дәуірдің дамуына ілесіп мәдениетті байытып, дамытып, кемелдендіріп, дүниедегі тұрлы мәдениет қатарынан орын алды, ұлтымыз мақтаныш санайтын бұл түрдегі мәдениет халқымыздың ұрпақ тәрбиесіндегі негізгі қайнары бола алады.

Қазақ ұрпақ тәрбиесін бала шыр етіп өмір есігін ашқаннан ақ бастайды, жүкті әйелдің алдында іштегі балаға әсер етеді деп жаман сөздер айтылмайды, қазақ салтында баланың кіндігін кесу жосынды жұмыс саналады, баланың кіндігін кім кессе бала соған тартады деп ырымдайды. Сондықтан баланың кіндігін білімді адамға кестіріп, кіндік кескен адам кіндік шеше атанады. Жақын араласатын адамдары олармен нәресте дүниеге келуден бұрын-ақ оның ата-анасымен кіндік шеше болуды келісіп қояды. Жүкті ананың отбасының жұмыстарына қарайласып босанған ананың қасында болады. Нәресте туылғанда кіндігін кесіп итжейдесін кигізеді. Қалжа жемеген әйелдің баласы ез, ынжық, икемсіз, болбыр болып қалады деп ырымдап босанған әйелге арнап мал сояды, қалжаның мойнын нәрестенің мойны тез әрі сымбатты болып қатады деп ырымдап баланың анасы мойын буынын тұтас күйінде мүжіп, мойынның өзегіне түзу ағаш өткізіп, бала қырқынан шыққанша шаңыраққа іліп қояды (Кенжалиев, 1997: 101-118).

Қазақтың ұрпақ тәрбиесіндегі аса тамаша дәстүрлерінің бірі баланы бесікке бөлеу. Бесік сәбиді желдің өтінен, жердің сызынан, салқынның қахарынан, аптаптың ыстығынан қорғайтын киелі жабдық, баланың жарық дүниеге келгеннен кейінгі тұңғыш тиеселі төсегі. Нәресте дүниеге келіп, кіндігі түскеннен кейін бесікке салу салты өткізіледі. Баланы бесікке салу салты үлкен той қуаныш саналады. Нәрестені бесікке салуға ауылдағы жасы үлкен, ұрпақтары жетелі әрі мінезі сабырлы, инабатты, ақылды әйелдер немесе абыройлы әжелер таңдалынады. Бесікке салудың барлық ырымдары осы ананың қолынан өтеді, бұл бесікке жақсы ұрпақ тәрбиелеген ананың қолының құты балаға дарып, сол ананың балаларындай жақсы азамат болса екен деген жақсы ниетпен қалыптасқан.

Бесікке бөлеп болған соң үстіне шапан, тон, жүген сияқты бірнеше нәрселерді жабады, әрбір жабылған заттың атауы жақсылықтың нышаны ретінде сипатталады. Алдымен сәбидің өзіне ар-

нап жасалған бесік көрпе, бесік көрпенің үстіне шапан немесе тон жабылады. Ол дегеніміз ержеткен соң ел-жұртына қадырлы азамат болсын, аттың жүгені тез ширап ат ұстайтын жасқа жетсін, шекпен мен қамшы ел жұртын қорғайтын абыройлы ер азамат, отанын сүйетін батыр болсын деген тілектен туған ырымдарға жатады. Бұл ырымдардан халқымыз бала алғаш дүниеге келгеннен бастап ізгі тілектер тілеп ар-ұжданды азамат болуға баулитындығын көруге болады.

Баланы бесікке бөлеп бағудың зор ғылымылығы жатыр, бесіктің сәбидің өсіп жетілуіне болған пайдасы ұшан-теңіз. Айталық, біріншіден, қол-аяғы бос жатқан баланың ұйқысы тыныш болмайды, ұйқысы қанбаған баланың зердесі толық жетілмейді. Екіншіден, баланың мазасыздығы ананың психологиясына әсер етеді, мұндай жәйсыздық анасының сүті арқылы сәбиге беріледі, сондықтан бесікке бөленбеген бала өсе келе сабырсыздау болады. Үшіншіден, баланы бесіктен шешкен кезде сәби рахаттанады, денесінің босап, жайлы күйде болуы оған демалыс сыйлайды, төртіншіден, сәбидің тұла бойы таза болып тазалыққа бойы үйренеді, бесіншіден, бесіктегі баланың денесіне дымқыл сыз дарымайды, құрғақ болады. Ол болашақта денсаулығы мықты болудың кепілі, әрі қол аяғы түзу болып өседі. Алтыншыдан, бесік белгілі бір ритмде ғана тербеледі, бесікте жатқан баланың іс-әрекеті осы тербеліс арқылы жүйеге түседі. Жетіншіден, бесіктегі балаға ана әлдиі әбден сіңеді, қайырымды мінез қалыптасады, бесік жырын тындап өскен баланың қанына ұлттық қасиет дариды. Қазақтың ұлттық дәстүрінде балаға ат қоюдың өзіндік жолы бар.

Нәрестенің есімін әдетте қарашаңырақтағы жасы үлкен адамға немесе жолы үлкен адамға, үлкен қарт адамдарға немесе батырға немесе молдаларға қойдырады. Нәресте дүниеге келген қуанышты күндері сол ауылға ел арасындағы батыр билер қонақ болып келген болса, сол адамдардың есімімен аталады, немесе құтты қонақ деп шақырып баласына ат қойып беруін өтінеді, мұнысы балаға болашақта осы адамның киесі, күш-қуаты, ақыл-парасаты дарысын дегендік. (Қазақ халқының салт-дәстүрлері, 2001: 32-33).

Нәрестенің дені сау болып өсіп-жетілуі үшін әйел адам бала емізгенде бас киімсіз отыруға тыйым салынады, орамалсыз отырып бала емізгенде әйел адамның шашындағы кір нәрестенің еметін сүтіне араласып кетуінен алаңдайды, қазаққа әйел адам ас үйде тазалық үшін бас киімсіз, дәретсіз жүруді қаламайды, бала емізуге де

болмайды. Ата-бабамыз жаңа туылған сәбидің болашағынан зор үміт күткен. Оның болашақта ел бастайтын көсем, сөз бастайтын шешен болуы үшін оның денесінің таза кіршіксіз болуына көңіл бөлген. Міне осындай сәбиді дүниеге келгеннен бастап кіндік кесу, бесікке салу, ат қою, қырқынан шығару, тұсауын кесу қатарлы ырымдар қазақтың жас сәбидің болашағына үмітпен қарайтынын, оның ел-жұртына, қоғамға жарамды да жағымды азамат болуға баулитынын түсіндіреді, ал бала кезінен осындай салт-сананы көріп өскен қазақ ұрпақтары да ата-ананың күткен үмітінен шығуға, қоғамға жарамды адам болуға тырысады.

### **Ұрпақтарды үнемшіл, береке бірлікте болуға шақыру**

Қазақтың тағамды қастерлеуі ерекше ұлттық дәстүр саналады, қазақ тамақты беталды төгіп шашбайды, тамақтан аттамайды. Көшпелі қазақ халқының арғы ата-бабасынан бері есептелетін ақты (сүт өнімдерін) ерекше қастерлейді, оны үнемі киелі ас деп санайды. Қазақ мақал мәтелінде «ақ мол болсын» деген сөз тіркестері үнемі кездеседі, бұл кең мағынада алып айтқанда, молшылық болсын дегендік. Ақты жерге төкпейді, аяққа баспайды, үйге кірген жыланға ақ тамызып шығарады, көшкен елдің алдынан ақ алып шығады (Қазақ халқының салт-дәстүрлері, 2001: 26-27).

Қазақ азық-түлік ішінде нан мен тұзды қадірлейді, нанның үгіндісін де аяққа баспайды, «нан тұрған жерде дәм иман тұрады», «құранды басып тұрып нанды алуға болады, нанды басып тұрып құранды алуға болмайды» дегенге жүгініп, нанды құраннан жоғары орынға қояды, қазақ су құбырының ластануына тыйым салады. Суды төгіп шашбайды, «судың да сұрауы бар» деп қарайды. Міне бұл салттар дала мәдениетіміздің құрамдас бөлігі болып, ұрпақтарымызды ысырапшылдыққа қарсы тұруға тәрбиелейді (Қазақ халқының салт-дәстүрлері, 2001: 39-41).

Қазақ тілінде дастарханның екі түрлі мағынасы бар: бірі кең жайылған дастарханы. Енді бірі ондағы асты молшылық дәулет, береке-бірлік дегенді меңзейді. Дастархан қазақ халқының мейман достығының белгісі, үйдегі бар дәмін дастарханға салуды, үйдегі қонағын разы етіп аттандыруды үлкен борыш деп санайды, «өзің киімнің жақсысын ки, тамақтың жақсысын кісіге бер» деген сөз бекер айтылмаса керек. Қазақ дастарханға салынған дәмнің көп-аздығына қарамай дастарханды қадірлейді,

жаюлы тұрған дастарханнан дәм татпай кету құрметсіздікке жатады. Адамдар арасындағы түсініспестік дастархан басында шешім табады. Дастархан үстінде жасалған келісім ант серт орнына айтылған сөз, ата-бабаларымыз көшерде көш бастайтын түйеге немесе өгізге жүк артқанда алдымен шаңырақ пен қазанды артатын, ал қазір қалаларда жаңа үйге көшкенде алдымен дастархан мен қазанды жаңа үйге апару салтқа айналып барады. Міне осындай салт-дәстүрлер ұрпақтарды береке-бірлікке шақырып, ағайын арасындағы болмашы реніштен бірін-бірі көрмей кететін, бірінің қадірін бірі пәниде білмей, бақилық болғанда өкінсе де орнын толтыра алмайтын жағдайлардан аулақ болуға арналады. Қазақ халқы тек қандастық қатынасы бар туыс-туғандар арасындағы береке-бірлікті дәріптеп қана қоймай, ауылдас көрші-қолаң арасындағы қонақасында қызған мәміле жасауды да дәріптейді.

Ұрпақтарды үлкендерді құрметтеп, кішілерді аялауға, семьяға үлкен жауапкершілікте болуға, ержүрек батыр болуға тәрбиелейді.

Қазақ салтында ұлдары үйленіп, басына үй тігіп, бауырына қазан асып кеткеннен кейін ата-анасының үйі қарашаңырақ болып саналады. Оны киелі тұтып, өздеріне медеу тұтады. Ол үйге сый-құрметпен қарайды, айт-мерекелерде алдымен үлкен үйге барады, бөлініп шыққан отаулар соғым сойғанда үлкен үйден және ұзатылған қыздар үлкен үйге сыбаға апарады. Үлкен үйде өлім-жітім, той-томалақ болғанда отаулар тегіс атсалысады. Келіндер үлкен үйге ізетпен сәлем салып кірсе, ерлер де ассалаумағаликум деп өтіп бара жатқан үйге сәлем беріп кіреді.

Қазақ салтында жастар шаңырақ көтергенде немесе жаңа үйге көшкенде, туыс-туғандар арасынан ақ самайлы, ұлағатты әжелер босағаға май жағады, бұл ырым боға майлау деп аталады. Бұл салт үй берекелі майдай жұғымды болсын деген ниеттен туған, қазақта және де баланың әке-шешеге, әке-шешенің балаға өтуге тиісті борыштары болған (Қазақ хандығының заң жарғылары; 33-34).

Әке-шешенің ұрпақтарына сөзсіз орындайтын тиісті борыштары: Бірінші, баланы дені сау етіп тәрбиелеу, ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман сақтап, кем-қор қылмай жоқшылық көрсетпей аман-есен қатарға қосу. Екінші, баланы жастайынан өнер-білімге баулу, ата дәстүрін, ата жолын, ата-салтын, әдеп-ибаны сақтауға, ержүрек еңбекшіл болуға тәрбиелеу. Үшінші, баланы үйлендіру, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, басына үй тігіп, бауырына қазан асып беру.

Өз ата-анасы баласы балалы болғаннан кейін енді өз күнін өзі көре алады деген сенімге келіп отау тігіп бөлек шығарады. Малынан, мал-мүлкінен дүниесін бөліп береді, ыдыс-аяқ сыйлайды. Оған келіннің төркінінен келген жасау дүниесі қосылып, жас жұбайлар жеке шаңырақ болып шыға келеді, бұл енші беру деп аталады. Әке-шешенің баланы бағып-қағып өсірген миханатты еңбегін ешбір құнмен өлшеуге келмейді, мұның салмағын қазақ «ананды қажыға жеті рет арқалап апарсаң да қарызынан құтыла алмайсың» деп түсіндіреді. Ата-ана баласына бағып қаққан еңбегін өтеуді бұлдамайды, десе де ата-ана балаға мынадай үш шарт қояды. Бірінші, бала ата-ананың шаңырағын шайқалтпай, түтінін түзу ұшыруға қақылы. Бұлай дейтіні әйелімен семьяға жауапкершілікте болып, ерінбей еңбек етіп бала-шағасын аш-жалаңаш қалдырмауы, жоқшылық көрсетпеуі, ұрпақтарын жақсы бағып тәрбиелеуі, шаңырағын шайқалтпауы ата-бабасының аруағына дақ салмауы қажет. Екінші, ата-ананы қуанышқа бөлеуі. Олардың бетінен алмауы, қабақ шытпауы қажет. Үшінші, ата-ана қартайғанда ол кісілерді жақсы бағып күту шарт. Әке-шешесін жақсы күтпеген ұрпақ қарғысқа және күлкіге қалады.

### Шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, ғақылия сөздердің ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі

Халқымыздың киелі асыл қазынасының бірі болып есептелетін шешендік сөздерде өзіндік алымды, өткір тілдері арқылы ұрпақты өнегелі де, өнерлі болуға, жікке, руға бөлінбеуге, кедейді кемсітбеуге тәрбиелеген. Қазақ халқы ежелден шешендік өнерге бейім, ақындық пен шешендік өнер егіз, бұл екеуін бөле қарауға болмайды. Қазақта әйгілі би-шешендеріміздің бірі Майқы би. Майқы би бабамыздың нақыл сөздерінен мысал келтіре кетер болсақ. Майқының ұзын, қортық деген балалары болыпты, екеуі де қара бастарын күйттеп, күнделікті күйбеңнен аса алмайды екен. Соған риза болмаған Майқы айттыпты дейді: «жаманнан жақсы туар адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туар бір жармаққа алғысыз».

Тұлпардан тұлпар туады,  
Сұңқардан сұңқар туады,  
Асылдан асыл туады,  
Жалқаудан масыл туады,  
Масылдан мал бақбас туады,  
Тілазардан қылжақбас туады,  
Таздан жарғақбас туады,  
Сараңнан бермес туады,

Соқырдан көрмес туады,  
Мылжыңнан езбе туады,  
Қыдырдан кезбе туады.

Осы Майқы бабамыз айтып кеткен түбі бір түбірлі сөздер сол заманнан атадан балаға мирас болып айтылып келеді, қазақ халқының сонау ерте замандардан бастап-ақ ұрпақтарын береке бірліктің қаймағын бұзбауға, еңбекшіл, ержүрек болуға, басқалардың айтқан дұрыс ақылын ілтипатпен қабылдауға, туған жерін, өскен елін қадірлей білуге тәрбиелегендігін көре аламыз. Қазақ ұлылары түрлі ғақлия сөздер арқылы ұрпағына ой салады;

Көңілділік адамға шаттық бағыштайды,  
Бақыт адамға көңілділік бағыштайды,  
Үміт адамға күтуді бағыштайды,  
Табысқа жету адамды күрес жасауға бағыштайды,  
Күлкі адамға қуаныш бағыштайды.  
Әрекет адамға денсаулық бағыштайды,  
Қайғы-қасірет адамға қайсарлық бағыштайды,  
Масаттану адамға өкініш бағыштайды,  
Жылау адамға мүсіркеушілік бағыштайды,  
Жалқаулық адамға кедейлік бағыштайды,  
Сүйіспеншілік адамға мейірім бағыштайды,  
Кішіпейілділік адамға әдептілік бағыштайды,  
Кербакбалық адамға сәтсіздік бағыштайды  
(Қазақ хандығының қысқаша тарихы: 501-505).

Қазақ мақал-мәтелдерінің ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі тіпті өзгеше, халқымыз жалқау, керенау ұрпақтарын ұрып, сабамай-ақ, мақал мәтел арқылы ұялтып, нағыз адам болу жолына бастап отырған.

Несиеге алған көмірден арқалап алған отын артық,  
Абысынның татулығы сөзінен, ағайынның татулығы көзінен білінеді,  
Адам істі қаласа шарасын табады, қаламаса сылтауын табады,  
Кемпірі бар үйдің керегесі тозбайды,  
Шалы бар үйдің шанасы тозбайды.

Мықтылық дегеніміз әдемі тұрмыс құрып тамаша күн кешу емес, қайта қоржын арқалап жүрсең де адамдығыңды жоғалтпау.  
(Жанболатов, 2015: 16-17.).

### Қорытынды

Жалпы алғанда ұлтымыздың ұрпақ тәрбиесі қазақ халқы мәдениетінің маңызды бір құрамдас бөлігі, ұлтымыздың бұл мәдениеті дара мәдениет әрі дана мәдениет, халқымыз сәби шыр етіп өмір есігін ашқаннан бастап-ақ болашақ ұрпақтың міндеттері мен борыштарын бай мазмұнды

ұлттық салт-дәстүрлер арқылы ұрпақтың санасына сіңіріп отырған, осындай мол мазмұнды тәрбиеден сусындаған ұрпақ түрлі дәстүрлер арқылы болып жатқан тәрбиені көкейіне қондырып, өзінің бұдан кейінгі өмір жолының, болашағының, адамгершілігінің бағдары етеді. Ұлтымыз ұрпақтарының мұратты да мұралды болып, өзара бір-бірімен берік ынтымақта және

береке-бірлікте болып келе жатқаны, әсіресе үлкендер алдынан қия өтбейтін, ақсақалды аталар мен ақ самайлы аналарға деген шексіз құрметі ата-бабаларымыздың ұзақ жылдар бойы жинақтаған ұрпақтарға сыйлаған қазынасы деп білеміз, бұл дәстүрді ата-бабамыздың көзіндей көріп қастерлеу, оны дамыту біздің және келесі ұрпақтың борышы және міндеті болмақ.

#### Әдебиеттер

- Қазақ хандығының заң жарғылары. Қазақтың Ата Заңдары: 10 томдық. Т.4. Алматы: Жеті жарғы.  
Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. (2001). Алматы: Ғылым.  
Жанболатов С. (2015). «Мұра» журналы. №3.  
Зар заман: Жыр толғаулар. (1993). Құрастырған С. Дәуітов. Алматы: «Жалын» 178 б.  
Алтынсарин Ы. (1868). «Дала облыстарын басқару жөнінде Уақытша Ереже» туралы (2005). / Тарих – адамзат ақыл ойының қазынасы. Он томдық. Жаңа замандағы тарихи ой. 4-т. Астана: «Фолиант». 301-312 бб.  
Зиманов С.З. (2004). Қазақ хандары заңдарына шолу және олардың ерекшеліктері // Қазақтың Ата Заңдары: 10 томдық. Т.4. Алматы: Жеті жарғы.  
Кенжалиев З. (1997). Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. Алматы: Жеті жарғы.

#### References

- Kazakh handygynyn zan zhargylary. (2004). Kazakhtyn Ata Zandary: 10 tomdyk. T.4. [Legislative statutes of the Kazakh Khanate. Kazakh Constitution] Almaty: Zheti zhargy.  
Kazakhtyn әдет-ғұрыптары мен salt-dasturleri: otkendegisi zhane bugini. (2001). [Kazakh customs and traditions: past and present.] Almaty: Gylm.JanbolatovS. (2015). «Mura» jurnaly.№3. 16-18.  
Zar zaman: Zhyr tolgaular.(1993). Kurastyrgan S. Dauitov. [The time charge: The Saga of the poetry. compiled S. Dayitov.] Almaty: «Zhalyn». 176 p  
Altynsarin I. 1868 zhyl «Dala oblystaryn baskaru zhoninde Uakytsha Erezhe turaly (2005). [About the «Provisional Regulation on Steppe Management»]/ / Тарих – адамзат ақыл-ойын қазынасы. Он томдық. Жаңа замандағы тарихи ой.  
Zimanov S.Z. (2004). Qazaq xandary zandaryna shcolu zhane olardyn erekshecelikteri // Qazaqtun Ata Zandary [Review of the laws of Kazakh khans and their features]. 10 томдық. Т.4. Almaty: Zheti zhargu.  
Kenzhaliev Z. (1997). Koshpeli qazaq qogamyndagu dasturli kukuktyk madeniet [Traditional legal culture in nomadic Kazakh society]. Almaty: Zheti zhargu.